

Қамқалы ауылдық округінің Жайлаукөл ауылы аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы

Жамбыл облысы Қамқалы ауылдық округі әкімі аппаратының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2017 жылғы 27 қарашада № 3596 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1, 27 баптарына сәйкес және Сарысу аудандық аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 30 қазандағы № 06-6/308 ұсынысы негізінде Қамқалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қамқалы ауылдық округі Жайлаукөл ауылы аумағында құтырық ауруы анықталуына байланысты Қамқалы ауылдық округінің Жайлаукөл ауылы аумағына шектеу іс-шаралары енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округ әкімі аппараттың ветеринар бас маманы Аубакиров Бораш Қонашұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

А. Исабаев

Сарысу ауданы Қамқалы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 қарашадағы "Қамқалы ауылдық округінің Жайлаукөл ауылы аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы" № 7 шешіміне келісім парағы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жамбыл облысы Ішкі істер
департаменті Сарысу ауданының
Ішкі істер бөлімі" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Қ. Қапаров

14 қараша 2017 жыл

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және қадағалау

комитетінің Сарысу аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Қ. Баулыбеков

14 қараша 2017 жыл

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық
сақтау комитеті Жамбыл облысы Қоғамдық
денсаулық сақтау департаментінің Сарысу
аудандық қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Е. Есіркепов

14 қараша 2017 жыл